

FTAMP 16.01.07

Г.А.Адилова (orcid-0009-0006-9445-256X)

PhD, доцент

Бердақ атындағы Қарақалпақ мемлекеттік университеті,
Нөкіс қ., Қарақалпақстан Республикасы
e-mail: gulshat-adilova@mail.ru

<https://doi.org/10.55956/НІНТ7289>

ҚАРАҚАЛПАҚСТАН ҚАЗАҚТАРЫ ТІЛІНДЕГІ ТОЙ ДӘСТҮРЛЕРІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ЖЕРГІЛІКТІ ЭТНОГРАФИЗМДЕР

Аңдатпа. Қарақалпақстандағы қазақтар тілі өзінің ұлттық белгілерін сақтаған, жергілікті түркі тілдес халықтар мәдениетінің ықпалына азды-көпті ұшыраған, сондай-ақ өзіне тән сипатын айқындаған бай мұра. Мақалада жергілікті қазақтар тіліндегі той дәстүрлеріне байланысты жиі қолданылатын кейбір этнографизмдер туралы сөз етілген. Қазақ әдеби тілінде ерте дәуірлерден бері актив қолданылатын қалың мал, құда, киіт, сарпай, тойана, кәтқұда сыяқлы этнографизмдерге лингвистикалық анализ жасалған.

Тірек сөздер: Этнографизм, той дәстүрлері, қалың мал, құда, киіт, тойана, кәтқұда және т.б.

Кіріспе. Қазақ халқында ұрпағының болашағын ескеруден пайда болған ұлын үйлендіріп, қызын ұзатуда ғасырлар бойы желісін үзбей келе жатырған салт-дәстүрлері бар. Қарақалпақстан Республикасында жасап жатырған қазақтардың тілдік лексикасына назар салсақ, кейбір лексемалардың түп негізі қарақалпақ, өзбек тілдеріне байланысты екендігін көреміз. Бұл жергілікті қазақтардың ерте дәуірлерден бері қарақалпақ, өзбек халықтарымен туыстас, іргелес, аулы аралас, қойы қоралас ел болғандығымен байланысып жатыр.

Зерттеу шарттары және тәсілдері. Ұзақ жылдық тілдік қарым-қатынас нәтижесінде осы өлке қазақтары тіліне аталған тілдерден ауысқан сөздер аз емес. Олар өздері енген тілге әбден сіңісіп кеткен. Мақалада Қарақалпақстан қазақтары тіліндегі той дәстүрлерімен байланысты қолданылатын этнографизмдерді үйреніп, олардың мәнін ашуды мақсат еттік.

Ғылыми нәтижелері. Қарақалпақстанда жасайтын қазақтардың арасында қыз алып қашу, тәп берді, қуғыншы сияқты әдет-ғұрыптар кең таралған. Қазақ дәстүрінде үйлендірудің бірнеше түрлері болған. Мысалы, екі жолдас адамның әйелдері бір мезгілде аяғы ауыр болса, олар «егер біріміз ұлды, ал екіншіміз қызды болсақ, екеуміз құда болайық» деп әлі туылмаған балаларын атастырып қояды. Атастыру Орта Азия халықтарының барлығында да ұшырасады. Яғни, ескі әдет бойынша ата-аналары ұлы мен қызына жас уақытында-ақ құда түсіп қояды. Бұндай құдаласу түрін жергілікті қазақтар «бел құда» деп атайды. Бұны қырғыз тілінде *бел құда*, қарақалпақ тілінде *ақтай құда*, өзбектерде *қулоқ тишлатти* деп атайды. Бұндай құдаласу түрі қазақ әдеби тілінде *ежеғабыл* делінеді.

Жергілікті қазақтар дәстүрінде құда түсудің *бесік құда* деп аталатын түрі де сақталған. Құда түсудің бұл түрі, көпшілік зерттеушілердің

көрсеткеніндей, Орта Азия халықтарының тұрмысында да болған [1]. Бұл дәстүр бойынша нәрестелер бесікте жатқанда-ақ екі жақ құда түсіп шарттасып, балалары ер жеткен соң өз уақытында орындалған.

Құда сөзі үйленген жас жұбайлардың ата-аналары, жақын туысқандары мағынасында қазіргі көпшілік түркі тілдерінде, атап айтқанда қазақ, қарақалпақ, өзбек, қырғыз, татар, башқұрт, түркмен, ноғай, қарақалпақ, тува және алтай тілдерінде қолданылады. Л.А.Покровская құда сөзі түркі тілдеріне монғол тілінен кірген болуы мүмкін, - деген пікірді айтады [2]. Қазақ және қарақалпақ тілдерінде құда сөзі арқылы бас құда, бел құда, бесік құда, ақтай құда, қарсы құда, кәтқұда сияқты этнографизмдер пайда болғандығын көреміз.

Саушы (жаушы) жіберу. Жаушы-күйеу жігіт тарапынан қыз үйінің разылығын алу үшін өкіл ретінде баратын өкіл. Ол сөзге шешен, әзілге жүйрік адам болуы керек. Ескі түркі тілінде де сол мағынаны білдіретін бұл сөз «хабар», «сөйлеу» мәнін білдірген саб зат есімінен *-шы* жұрнағы арқылы [3] жасалған. Дәл осы мағынада өзбек (*совчы*), татар (*яучы*), чуваш (*йевче*), тобол тілінде *сауцы*, шағатай тілінде *саучи*, *сабишы* және басқа түркі тілдерінде де қолданылады. Қазіргі қазақ тілінде *сөз саптау* тіркесінде сақталған «хабар», «сөз», «мақал» мағынасын білдіретін ескі *саб* түбірінен пайда болған.

Тәп берді – қашып кеткен қыздың ізінен екі-үш жеңгесі келіп, хабар алып кетуі. Тәп берді келіп кеткеннен кейін қуғыншы болып та келеді.

Қуғыншы –1940-1950-жылдардан бастап кең етек алған дәстүрлердің бірі. Қыздың ізінен қуып баратын жеңгелерін «қуғыншы» деп атайды.

Қарақалпақстан аймағында жасаушы халықтардың неке тойымен байланысты дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын сәулелендіретін және бір-бірінен ерекше, әр халықтың өзі сай той өткеру тәртіп-қағидалары бар екендігін көреміз. Ол төмендегі этнографизмдерден айқын көрінеді.

Тойды өткеру үшін алдымен *кеңес той* беріледі. *Кеңес той* – үлкен тойдан бір апта бұрын берілетін мереке. Бұл мерекеде тойды қалай өткеру керек екендігі ойластырылып, адамдарға тойдағы қызметтері бөлістіріліп беріледі. Тойдың өткерілетін күнін, мерекеге басшылық ететін абыройлы ақсақалдарды белгілейді. Ондай адамдарды жергілікті қазақтар *кәтқұда*, *тоғашы* деп атайды. Түркі халықтарының бәрінде де бұл дәстүрлер бар.

Қыз жиын – ұзатылар алдында қыздың жақын құрбыларына арнап өткеретін мерекесі.

Беташар – Қазақтың ескі замандардан келе жатырған дәстүрлерінің бірі. Келіншектің бетін шаршы топта ақындар өлеңмен ашады. Беташар жыры екі бөлімнен тұрады: 1) беташардың айтымы; 2) беташар. Беташарды ашқан адамға қәде ретінде ақша не мата береді. Бұл қәде жергілікті қазақтар тілінде *айтымал* деп аталады. *Беташар* өзбектерде *келин салам*, қарақалпақ және қазақтарда *беташар* деп аталады.

Қәде. Той-тамашаларда, айтта т.б. салт-дәстүрлерде берілетін сыйды *қәде* деп атайды. Қәде - той-тамашаның сәні, шарты, оны сұрауға әркімнің еркі бар. «Ат өлсе де, қәде өлмейді», «Қалыңсыз қыз болса да, қәдесіз күйеу болмайды» дегендей, жергілікті қазақтарда қәденің түрі көп.

Той қәделері: *той бастар*, *шашу*, *мүшесұрау*, *намаалу* т.б.

Құдалық қәделері: *жаушы жіберу*, *алдынан өту*, *нан сындыру*, *сырға салу*, *қалыңмал*, *құда түсу*, *өлі-тірі*, *сұтақы*, *той малы*, *есік ашар*, *атбайлар*, *той бастар*, *құйрық-бауыр тарту*, *кемпір өлді*, *құда тарту*, *көрімдік*, *отқа май құяр*, *құда аттандырар*, *зәңгі басар* т.б.

Күйеу қаделері: ұрын бару, есік көру, ентікпе, көрімдік, күйеу табақ, орын қаде, босаға аттар, отау жабар, қол ұстар, шаш сипар т.б.

Отқа май құяр – жаңа түскен келіннің алдынан адыраспан түтетіп шығып иіскелету, басынан айналдыру. Оңтүстік аудандардағы қазақтардың тілінде бұл этнографиялық термин өзбек тілінің әсерімен *спәнт түтету* деп те айтылады.

Құда аттандырап – құдаларды шығарып саларда алынатын қаде. Бұны жергілікті қазақтар тілінде *зәңгі басар қаде* деп те атайды. *Зәңгі* қарақалпақ тілінде – *баспалдақ*.

Қалта қарау қадесі. Күйеу бала мен оның жолдасы қалталарына ақша салып бару керек. Қыздың жеңгелері күйеу баланың қалталарындағы ақшаны алып, әйелдерге ырым ретінде үлестіреді.

Кемпір өлді – үйге кіріп келе жатырған құдалардың алдына бір кемпірді жатқызып, оны басып өтпеу үшін берілетін қаде.

Үнжағар – үйге келіп жатқан құдаларға маңдайымыз ашық болсын, егер бір-бірімізге қиянат жасасак, осы ақтың киесі ұрсын деген мағынада маңдайларына ұн жағады. Келген құдалар бұл дәстүр үшін қадесін береді.

Сұтақы – келіннің анасына берілетін қалың мал. Қалың мал төлеудің бұл түрі қарақалпақ, түркмен, азербайжан, армян және басқа халықтарда да ұшырасады [4].

Ел қаде – құдалар тарапынан келіннің төркін жағына берілетін ірі мал. Жергілікті қазақтар тілінде тұрмысқа шыққан қызын құдаларымен қосып шақырғанда жақын туыстарына, көршілеріне арнап жасалатын шағын тойды да ел қаде тойы деп атайды.

Киім – келіннің үйі тарапынан құдаларға берілетін бағалы сыйлық. Қазақ тілінде «киіт-құда түсіп қалың мал мөлшері белгіленіп, бата жасалған соң, қыз әкесінің күйеу жақтан келген бас құдаға сыйлығы [5]» деп көрсетілген. Ал қазақ энциклопедиясында «құдаларды қайтарғанда беретін сый-сыяпат [6]» деп түсіндірілген. Жергілікті қазақ, қарақалпақ халықтарында осы соңғы мағынасында, яғни, құдаларды қайтарғанда берілетін сыйлық мағынасында қолданылады. В.В. Радловтың пікірінше, *киім* сөзінің мағынасы төмендегіше: 1) «киім»; 2) «келіннің әкесіне берілетін сыйлық» [7]. Ал Л.З. Будагов бұл сөздің тек бір ғана мағынада қолданылатынын көрсеткен: «келіннің әкесінен сыйлық» [8]. Бұндай этимология басқа ғалымдар тарапынан да айтылды: *ки+ім* [9], *кииім* «киім-кеншек сыйлығы» <*ки* «кию»+т [10], ескі түркі тілінде *kedhut* «көйлек, киім»; күйеу бала да, келін де өзінің ағайын-туысқандарына беретін киімі.

Киіт сөзінің орнына жергілікті қазақтар тілінде *сарпай* сөзі қолданылады. Сарпай сөзі жергілікті қазақ және қарақалпақ тілдеріне өзбек тілінен енген. Бұл сөз өзбек тілінде *сарпо* түрінде қолданылып, той иелеріне берілетін киім-кеншек мағынасында қолданылатынын көреміз [11]. Н.Мирзаев Қашқадарья өзбектерінің сөйлесімінде *сәрпә* лексемасы тойда ұзақтан келген және тойанамен келген қонақтарға кигізілетін тон мағынасында қолданылады деп көрсетеді [12].

Өзбектермен аралас отырған қазақтардың тілінде *сеп* – қызға берілетін көрпе-төсек, киім-кеншектің жалпы аты. Аналарымыз «жаңа зат болса, қызымның себіне қосамын» деп жинайды. Бұл сөздің мағынасы қызға жүк бергенде үй болуға керекті нәрсенің бәрінің тырнағын қалап, ары қарай құралып кетуі үшін «жәрдемі тисін» деген ниеттен пайда болса керек.

Өзбек тілінде *сеп* «қызға келін болғанда беру үшін жиналған дүние» [13] мағынасында жұмсалады. Махмуд Қашқаридың сөздігінде *сеп* сөзі

«қыздың жасауы» мәнінде *сэб, сэнтүрді, сэнтурмак* тұлғаларында кездеседі. *Сен* лексемасының түркі тілдерінде, соның ішінде қазақ тіліндегі мағыналарын біршама толық ашып берген ғалым Е.Жанпейісов болды. Ол сеп этнографизмі «қыз жасауы» мәнінде якут, чуваш, ойрат (алтай), құмық, қырғыз, өзбек, түркмен т.б. түркі тілдерде ұшырасатынын келтіреді. Орыс тіліндегі *зень* сөзінің де келіп шығуы жағынан түркі тілімен түбірлес екені айтылады [14]. Бұл сөз Шымкент облысының кейбір аудандарында жасайтын қазақтардың тілінде де ұшырасады [15].

Тойана – той иелеріне жақын туыскандарының алып келетін сыйлықтары. Бұл этнографизм жергілікті қазақтар тіліне өзбек тілінің әсері арқылы өткен. А.Журобаев өзбек тілінде *тойана* атауы екі түрлі мағынада қолданылатынын көрсетеді: 1) той күні күйеу тарапынан келінмен оның ата-аналарына жіберілетін сыйлықтар; 2) той иелеріне жақын туыскандары алып келетін сыйлықтар. Той сөзіне өзбек тіліндегі зат есім жасайтын - *ана* жұрнағы жалғану арқылы жасалған [16].

Кәтқұда – жергілікті қарақалпақ, өзбек, қазақ тілдерінде той-мерекені басқаратын жасы үлкен, ел ішінде абыройлы адамдарға байланысты айтылатын лексема. Бұл сөз қазақ әдеби тілінде айтылмайды. С.Толстов *кәтқұда* сөзінің ескі соғды диқандарында патриархал семья бастығы деген мағынада қолданылғандығын атап көрсеткен [17]. Бұл сөздің мағынасын кейбір сөздіктерден де көруге болады: *катхода* – үй иесі, бастық, ауыл басшысының лауазымы [18], *катхудо* – үйленген кісі, ер, семья бастығы [19]. Н.Мирзаев Қашқадария өзбектерінің сөйлесімінде *кәтқұда* сөзі той-мерекелерде тойды басқарушы, ал семьялық тұрмыста шаңырақ басшысы мағыналарында қолданылады деп көрсетеді [20]. Демек, жергілікті қазақтар тілінде қолданылатын *кәтқұда* лексемасы той басқаратын ауыл ақсақалы мағынасында өзбек тілінен кіргенін көреміз.

Қорытынды. Аймақтағы қазақтардың көрші халықтармен тығыз байланыса отырып, байырғы қазақ халқына тән ғасырлар бойы сақталып, атадан-балаға мұра болып келе жатырған салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын да ұмытпай, жалғастырып келе жатқандығын көреміз. Дей тұрғанмен, жергілікті қарақалпақ, өзбек халықтарының аймақтағы қазақтардың салт-дәстүрлерін қалыптастыруда ролі бар екендігін де жоққа шығара алмаймыз. Мысалы: қыз жиын, тәп берді, ел қаде, нама алу, топ тарқатар, қыздың себі, айтымал, зәңгі басар және т.б. этнографизмдер жергілікті қарақалпақ, өзбек халықтарының дәстүрінен өткен. Қарақалпақстан республикасы тұрғындарының күнделікті тұрмысында қолданылатын салт-дәстүрлердің негізінде жергілікті қазақ халқына тән тіл ерекшеліктері қалыптасқан.

Әдебиеттер тізімі

1. Кисляков, Н.А. Очерки по истории семьи и брака у народов Средней Азии и Казахстана [Текст] / Н.А.Кисляков. - Л., 1969. – 87 с.
2. Абрамзон, С.М. Киргизы и их этногенетические и историко-культурные связи [Текст] / С.М.Абрамзон. - Л., Наука, 1971. – 223 с.
3. Покровская, Л.А. Термины родства в тюркских языках. Историческое развитие лексики тюркских языков. [Текст] / Л.А. Покровская. - М., 1961. – 75 с.
4. Қошғори, М. Девону луғотит турк [Текст] / М.Қошғори. - Тошкент IIIт., 1967. – 445 б.
5. Народы Передней Азии [Текст]: Этнографические очерки. - М., 1957. –202 с.

6. Атакишиева, М.Н. Семейный быт азербайджанцев в прошлом и настоящем (по материалам Халданского района) [Текст] / М.Н. Атакишиева. – М., 1953. –100 с.
7. Джикиев, А. Этнографический очерк населения юго-восточного Туркменистана (конец XIX- начало XXв.) [Текст] / А.Джикиев. - Ашхабад, Блым, 1972. – 93 с.
8. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі [Мәтін]: сөздік / Алматы: Ғылым. 1977. – 507 б.
9. Қазақ совет энциклопедиясы [Мәтін]: энциклопедия / Алматы. – 459 б.
10. Радлов, В.В. Опыт словаря тюркских наречий. Том II [Текст] / В.В. Радлов. – Санкт-Петербург. 1893. – 443 с.
11. Жубанов, Х. Исследования по казахскому языку [Текст] / Х.Жубанов. - Алма-Ата, 1966. – 43 с.
12. Будагов, Л.З. Сравнительный словарь турецко-татарских наречий [Текст] / Л.З. Будагов. - СПб., 1869. – 183 с.
13. Юнусалиев, Б.М. Киргизская лексикология [Текст] / Б.М. Юнусалиев. - Фрунзе, 1959. – 70 с.
14. Ўзбек тилинингиз оқли луғоти. 2-т. [Текст] / Москва. Русский язык. 1981. – 24 с.
15. Мирзаев, Н. Ўзбек тилининг этнографик лексикаси [Текст] / Н.Мирзаев. - Тошкент, 1971.– 175 с.
16. Рахматуллаев, Ш. Узбек тилининг гетимологик луғати. [Текст] / Ш.Рахматуллаев. – Ташкент, 2000. – 282 с.
17. Жанпеисов, Е.Н. Этнокультурная лексика казахского языка. [Текст] / Е.Н: Жанпеисов. - Алма-Ата, 1989. – 69-72 б.
18. Айдаров, Т. Проблемы диалектной лексикологии и лингвистической географии [Текст] / Т.Айдаров. - Алма-Ата, 1991. – 115 б.
19. Журобаев, А. Ўзбек тилиде туй маросими номлари [Текст] / А. Журобаев. – Тошкент, 1971.– 103 б.
20. Толстов, С.П. Древний Хорезм [Текст] / С.П.Толстов. - Москва, 1948. –272 с.
21. Персидско-русский словарь [Текст]: Госиздат. Иностранных и национальных словарей. - М., 1953. – 395 с.
22. Ўзбек классик адабиёт иа сарлари учункис качалуғот [Текст] / ЎзССР ФА Тошкент, 1953. – 150 б.
23. Мирзаев, Н. Ўзбек тилининг этнографик лексикаси [Текст] / Н.Мирзаев. - Тошкент, 1971.– 45 с.

Материал редакцияга 30.09.23 түсті.

Г.А.Адилова

*Каракалпакский государственный университет имени Бердаха,
г.Нукус, Республика Каракалпакстан*

ЭТНОГРАФИЗМЫ В ЯЗЫКЕ КАЗАХОВ, ПРОЖИВАЮЩИХ В КАРАКАЛПАКСТАНЕ, СВЯЗАННЫЕ С СВАДЕБНЫМИ ОБРЯДАМИ

Аннотация. В статье речь идет об активно используемых этнографизмах, связанные семейными обрядами, казахов, проживающих в Каракалпакстане. Дается лингвистический анализ этнографизмам типа «қалын мал», «урынбарыў», «куда, кийит», активно используемых в казахском литературном языке с древних времен.

Ключевые слова: этнографизм, свадебные обряды, калин, худо, кийит, туйана, катхудо и другие.

G. A.Adilova

*The Karakalpak State University named after Berdakh
Nukus, Republic of Karakalpakstan*

**ETHNOGRAPHISMS IN THE LANGUAGE OF KAZAKHS LIVING IN KARAKALPAKSTAN,
ASSOCIATED WITH WEDDING RITUALS**

Abstract. The ethnographic lexics of Kazaks in Karakalpakstan has survived its national features it has been influenced by the culture of local Turkic nations, and has arts peculiar in heritage. The article deals with some ethnographisms which are mostly used and concerned with local Kazakhs wedding traditions. Also there is given a linguistic analysis for ethnographisms which have been used in kazakh literary language since ancient times such as «kalin mal», «urunbariw», «xudo» and «kiyit».

Key words: etnographism, wedding ceremonies, kalin, xuda, kiyit, tuyana, katxudo and others.

Reference

1. Kislyakov, N.A. Ocherki po istorij sem'i i braka u narodov Srednej Azii i Kazahstana [Essays on the history of family and marriage among the peoples of Central Asia and Kazakhstan]. - L., 1969. -87 p. [in Russian]
2. Abramzon, S.M. Kirgizy i ih etnogeneticheskie i istoriko-kul'turnye svyazi [Kirghiz and their ethnogenetic and historical-cultural relations]. - Nauka, 1971. - 223 p. [in Russian]
3. Pokrovskaya, L.A. Terminy rodstva v tyurkskih yazykah. Istoricheskoe razvitie leksiki tyurkskih yazykov [The term of kinship in the Turkic languages. Historical development of the vocabulary of the Turkic languages.]. - M., 1961. -75 P. [in Russian]
4. Koshgori, M. Devonu luřotit turk [Diwani lugat Al-Turk]. - Tashkent Institute., 1967. – 445 p. [in Russian]
5. Narody Perednej Azij The [Peoples of the Near East] [text]: Ethnographic essays. - M., 1957. - 202 p. [in Russian]
6. Atakishieva, M.N. Semejnyj byt azerbajdzhancev v proshlom i nastoyashchem (po materialam Haldanskogo rajony) [The family life of Azerbaijanis in the past and present (based on the materials of the Khaldan district)]. – M., 1953. - 100 p. [in Russian]
7. Dzhikiev, A. Etnograficheskij ocherk naseleniya yugo-vostochnogo Turkmenistana (konec XIX- nachalo XX v.) [Ethnographic essay of the population of southeastern Turkmenistan (late XIX - early XX centuries)]. - Ashgabat, 1972. - 93 p. [in Russian]
8. Kazak tilinin phraseologik suřzigi [phraseological Dictionary of the Kazakh language]. - Almaty: Gylym. 1977. – 507 p. [in Kazakh]
9. Kazakh Soviet encyclopedia: encyclopedia. - Almaty. - 459 p. [in Kazakh]
10. Radlov, V.V. Opyt slovarya tyurkskih narechij [The experience of the dictionary of Turkic dialects. Volume II]. - St. Petersburg. 1893. - 443 p. [in Russian]
11. Zhubanov, H. Issledovaniya po kazahskomu yazyku [Research on the Kazakh language] [. – Alma-ata, 1966. - 43 p. [in Russian]
12. Budagov, L.Z. Sravnitel'nyj slovar' turecko-tatarskih narechij [Comparative dictionary of Turkish-Tatar dialects]. - St. Petersburg,, 1869. - 183 p. [in Russian]
13. Yunusaliev, B.M. Kirgizskaya leksikologiya [Kyrgyz lexicology]. - Frunze, 1959. -70 p. [in Russian]
14. You speak Uzbek. Vol. 2. [Text] / Moscow. Russian language. 1981. - 24 p. [in Russian]

15. Mirzaev, N. Ўzbek tilining etnografik leksikasi [Ethnographic vocabulary of the Uzbek language]. - Tashkent, 1971.- 175 p. [in Uzbek]
16. Rakhmatullaev, Sh. Uzbek tilinin getimologik luʼfati [Hematimological dictionary of the Uzbek language]. - Tashkent, 2000. - 282 p. [in Uzbek]
17. Zhanpeisov, E.N. Etnokul'turnaya leksika kazahskogo yazyka [Ethnocultural vocabulary of the Kazakh language]. -Alma-ata, 1989. - pp. 69-72. [in Russian]
18. Aidarov, T. Problemy dialektnoj leksikologii i lingvisticheskoy geografii [Problems of dialect lexicology and linguistic geography]. -Alma -ata, 1991. – 115 p. [in Russian]
19. Zhurbaev, A. Ўzbek tilide tuj marosimi nomlari [Wedding numbers in Uzbek]. - Tashkent, 1971.– 103 p. [in Uzbek]
20. Tolstov, S.P. Drevnij Horezm [Ancient Khorezm]. - Moscow, 1948. -272 p. [in Russian]
21. Persidsko-russkij slovar' [Persian-Russian dictionary]. - M., 1953. - 395 p. [in Russian]
22. Ўzbek klassik adabiyot ia sarlari uchunqis qachalufot [Uzbek classical literature IA sarlari uchunis khachalugot] [text] / Academy of Sciences of the Uzbek SSR Tashkent, 1953. – 150 p. [in Uzbek]
23. Mirzaev, N. Ўzbek tilining etnografik leksikasi [Ethnographic vocabulary of the Uzbek language]. - Tashkent, 1971.-45 p. [in Uzbek]